



2024–2027 жж. арналған Еуропа Кеңесінің Қазақстанмен Көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтары жөніндегі негізгі деректер

Кіріспе

2014 жылдан бастап Қазақстан Көршілік саясатының ынтымақтастық басымдықтары аясында көмек алып келеді. **2024–2027 жылдарға арналған Қазақстанмен көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтарына сәйкес** Еуропа Кеңесі мен Қазақстан басшылығы 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан ынтымақтастық жетістіктерін, атап айтқанда, Еуропа Кеңесінің конвенцияларына қосылуға қолдау көрсету және адам құқықтары, заң үстемдігі мен демократия салаларындағы ұлттық реформалар күн тәртібіне сай басым бағыттарда ынтымақтастықты бастау арқылы дамытуға уағдаласты. Көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтары 2011 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан, Еуропаға іргелес орналасқан және Еуропа Кеңесімен ынтымақтасуға ниет білдірген елдер мен өңірлермен диалог пен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған Еуропа Кеңесінің көршілес елдерге қатысты саясатына негізделген.

Қазақстан Еуропа Кеңесі алдында бірқатар конвенцияларға қосылуға өтініш білдіру арқылы қосымша міндеттемелер алуға дайын екенін көрсетті. 2020 жылдың сәуір айында Қазақстанға Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күрес жөніндегі конвенцияға (Ыстамбұл конвенциясы) қосылу ұсынылып, осы конвенцияға қосылу процесін ілгерілету үшін техникалық көмек сұралды. Сондай-ақ Қазақстанға 2022 жылдың шілдесінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияға (ИТС № 173), ал 2023 жылдың сәуірінде Киберқылмысқа қарсы конвенцияға (ИТС № 185) қосылу ұсынылды.

2024–2027 жж. арналған көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтары

Қазақстанмен тату көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтары 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Қазақстан мен Еуропа Кеңесі арасындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын айқындайтын стратегиялық, икемді және серпінді ынтымақтастық жүйесі. ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – адам құқықтарын қорғау, сот реформасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ақшаны заңдастыруға қарсы іс-қимыл, киберқылмыспен күрес, адам саудасымен күрес және демократиялық басқару.

Бұл шолу 2024-2027 жылдарға арналған Қазақстанмен көршілік саясаты аясындағы ынтымақтастық басымдықтарын іске асырудың бірінші жылындағы негізгі жетістіктерді төменде көрсетілген үш сектораралық құрамдас бөлік бойынша сипаттайды.

1. Еуропа мен Орталық Азия арасында ортақ құқықтық кеңістік құруға жәрдемдесу және адам құқықтарын қорғауды күшейту

Еуропа мен Орталық Азия арасындағы ортақ құқықтық кеңістіктің басымдықтары туралы, Еуропа Кеңесінің мүше емес мемлекеттерге қолжетімді негізгі конвенцияларына және басқа да халықаралық стандарттарға негізделген құқықтық кеңістік туралы хабардарлықты арттыру



Еуропа Кеңесі **Еуропамен ортақ құқықтық кеңістікке** Қазақстанның бірігуін қолдауды жалғастырып, Еуропа Кеңесінің мүшесі емес мемлекеттерге қолжетімді негізгі конвенцияларға қосылуына жәрдемдесуде. Қазақстан Еуропа Кеңесінің бірнеше конвенциясының қатысушысы болып табылады, ал 2020 жылдан бастап Ыстамбұл конвенциясы, Қылмыстық-құқықтық саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция және Киберқылмыс жөніндегі Будапешт конвенциясы сияқты **маңызды шарттарға қосылуға бірнеше ресми шақыру** алды. Алдыңғы ЕО/Еуропа Кеңесінің «Орталық Азияда заң үстемдігі» бағдарламасы аясындағы бірлескен күш-жігердің нәтижесінде қазақстандық мекемелер балаларды жыныстық қанаудан қорғау және адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциялар сияқты басқа да конвенциялардың жүргізіліп жатқан реформалармен өзара байланысты екенін анықтады. Еуропа Кеңесі Қазақстан билігімен, Парламент депутаттарымен және азаматтық қоғаммен осы құқықтық құралдардың мазмұны мен қосымша артықшылықтарын түсіндіру мақсатында жұмыс істеуде. 2025 жылғы сәуірде Қазақстанға Еуропа Кеңесінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылытатуға, анықтауға, тәркілеуге және терроризмді қаржыландыруға қарсы конвенциясына (CETS № 198, Варшава конвенциясы) қосылу ресми түрде ұсынылды, бұл еуропалық құқықтық стандарттармен өзара әрекеттестікті тереңдету жолындағы тағы бір маңызды қадам болды.



Адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттар туралы заңгерлердің білім деңгейін Еуропа Кеңесінің заңгерлерге арналған Адам құқықтары саласындағы білім беру бағдарламасының (HELP) әдістемесі арқылы арттыру.



Еуропа Кеңесі Қазақстанда адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарды ілгерілетуді заңгерлерге арналған **Адам құқықтары саласындағы білім беру жөніндегі Еуропалық бағдарлама (HELP)** арқылы белсенді түрде қолдап келеді. 2024 жылғы маусымда Қазақстанның құқық қорғау органдары мен прокуратура қызметкерлеріне арналған «Қатыгез қарым-қатынасқа тыйым салу» тақырыбындағы HELP курсы іске қосылды. Сонымен қатар 60-тан астам мемлекеттік қызметкер мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері әйелдердің құқықтарын қорғау жөніндегі семинарларға, ал шамамен 30 прокурор қатыгез қарым-қатынас пен азаптауға тыйым салуға арналған мақсатты сабақтарға қатысты. «Судьялар, прокурорлар және адвокаттар үшін этика» HELP курсы қазақ тіліне аударылып, платформаға орналастырылды. Бағдарлама HELP курстарын оқытушымен бірге жүргізу ісінде ұлттық оқу орындарына қолдау көрсетуді жалғастырып, адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнаманы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес қолдану бойынша заңгерлердің әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқаруда.

2. Экономикалық қылмыстарға қарсы күресте ашықтықты қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес



Еуропа Кеңесі экономикалық қылмыстармен, ақшаны жылыстатумен және терроризмді қаржыландырумен күрес саласында Қазақстан жүргізіп жатқан ауқымды реформаларға сүйене отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Қазақстан 2020 жылы Еуропа Кеңесінің **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына (ГРЕКО)** қосылғаннан кейін және бірінші мен екінші раундтар аясында бірлескен бағалау жүргізілген соң, Кеңес 2022 жылдың маусым айында жарияланған ұсынымдарды іске асыруды белсенді түрде қолдап келеді. Қолдау үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады: біріншіден, заңнамалық және саяси базаны жетілдіру және институционалдық әлеуетті нығайту арқылы ГРЕКО-ның қолданыстағы және алдағы ұсынымдарын орындауға билік органдарына көмек көрсету; екіншіден, саяси партиялар мен науқандарды қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін құқықтық және институционалдық ортаны жақсарту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарды Қазақстан 2027 жылға дейін қосылуға шақырылған Сыбайлас жемқорлық туралы қылмыстық-құқықтық конвенцияға сәйкес келтіру; және үшіншіден, мүлікті декларациялау жүйелері, мүдделер қақтығыстарын басқару, тәуекелдерді талдау және ішкі ақпарат жеткізушілерді қорғау сияқты алдын алу құралдарын енгізу үшін Қазақстанның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің институционалдық әлеуетін арттыру. Еуропа Кеңесінің сарапшылары ГРЕКО бағалау есебінде көрсетілгендей, этикалық кодекстерді енгізу, мүдделер қақтығысын басқару және заңды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру жөніндегі халықаралық практика туралы ақпарат ұсынды. Бұл көмек Қазақстанның тиісті мекемелеріне ГРЕКО ұсынымдарын орындауда нақты ілгерілеуге қол жеткізуге жәрдемдесіп, елдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін нығайтуға ықпал етті..

3. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу

Құқық үстемдігіне негізделген институттарды дамыту және нығайту



Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (**Венеция комиссиясы**) қатысуымен Еуропа Кеңесі Қазақстанның конституциялық және институционалдық реформаларды жүргізуге күш салуын қолдайды. Қазақстанның Венеция комиссиясына 2012 жылдан бастап толыққанды мүшелігі мен ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа сүйене отырып, Кеңес ұлттық билік өкілдерімен реформаларды еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында тұрақты диалог жүргізуде. 2023 жылы қайта қаралған Конституцияның күшіне енуі және Конституциялық Соттың құрылуынан кейін бұл ынтымақтастық Конституциялық және Жоғарғы соттармен екіжақты іс-шаралар, құқықтық талдау және жоғары деңгейдегі кездесулер арқылы жанданды. Венеция комиссиясы құқық үстемдігі, билік тармақтарының бөлінісі және сот жүйесімен байланысты негізгі салалардағы заңнаманы әзірлеу мен қабылдауды қолдап, оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз етті. Ол сондай-ақ әкімшілік құқық пен әкімшілік әділет салаларында жаңа заңнаманы әзірлеуге, мемлекеттік басқару саласындағы реформалар мен дауларды шешудің баламалы тетіктерін ілгерілетуге өз үлесін қосты. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару органдары мен сот жүйесі өкілдерінің құзыреттілігі мақсатты әлеуетті арттыру іс-шаралары арқылы нығайтылды. Венеция комиссиясы әкімшілік құқық пен әкімшілік әділет саласында сараптамалық қызмет көрсетуді белсенді жалғастырып, жоғары лауазымды тұлғалар мен сот жүйесінің әлеуетін арттыруда, әділ сот төрелігіне қол жетімділікті кеңейтуде, конституциялық шағым беру рәсімдерін жетілдіруде және құқықтарды жан-жақты қорғауды ілгерілетуде қолдау көрсетуде.